

Байтенова Н.Ж.,
Рысбекова Ш.С.,
Дүйсенбаева А.Қ.

**Қазіргі Қазақстандағы
исламилық ағымдар қызметі
және өзекті мәселелері**

Мақалада қазіргі таңдағы Қазақстан Республикасындағы исламдық ағымдар қызметінің ерекшеліктері және өзекті мәселелері қарастырылған. Республика территориясында таралып отырған белсенді исламдық ағымдардың қоғамға кері әсерлері және ұлттық қауіпсіздікке келтіретін салдарлары зерттелген. Миссионерлік қызметтерін іске асырып жүрген ағымдардың пайда болу тарихы мен Қазақстан Республикасындағы қызметі ерекшеліктері кеңінен баяндалған. Хизб-ут-Тахрир, салафизм сынды ағымдардың республика аумағында келтірілген зардаптары қарастырыла отырып, қоғамдағы діни сауаттылық мәселесі көтеріледі. Осы мәселеге байланысты мемлекеттік органдар тарапынан атқарылған іс-шаралар және қазіргі таңдағы статистика берілген. Сонымен қатар дәстүрден тыс исламдық ағымдар қызметіндегі психологиялық, әлеуметтік, экономикалық факторлар қарастырылған және сауалнамалық зерттеу нәтижелері көрсетілген. Мақалада ортодоксальді ислам ғалымдарының еңбектеріне сүйене отырып осы ағымдардың жалған діни бағыт екені, сондай-ақ ислам атынан әрекет етуші саяси топтар деген тұжырым жасалынады. Дәстүрден тыс исламдық ағымдардың қоғамымызда таралуының негізгі себептері қарастырыла отырып, алдын алу шаралары ретінде автор бірнеше ұсыныстар жасайды. Мақала қоғамда экстремистік және террористік ілімдердің таралуының алдын алуға және Қазақстан Республикасы қоғамында жат исламдық ағымдар туралы терең мәліметтер беруге бағытталған.

Түйін сөздер: ислам, дәстүрден тыс исламдық ағымдар, миссионерлік, терроризм, экстремизм, «Хизб-ут-Тахрир», Салафизм.

Baitenova N.Zh.,
Rysbekova Sh.S.,
Duisenbayeva A.K.

**Activities and Challenges Islamist
currents in modern Kazakhstan**

The article deals with the peculiarities and urgent issues of Islamic movements in the present-day Kazakhstan. The research shows the negative effects and consequences of such Islamic movements, spread throughout the Republic. It describes the origins of these Islamic movements conducting missionary work as well as their work in the Republic of Kazakhstan. The article examines the damage caused by such Islamic movements as Hizb ut-Tahrir and Salafism on the republic's territory and raises the problem of religious literacy. It gives the current statistics and the information on the measures taken by the authorities concerning this problem. The author examines the reasons for the spread of the unconventional Islamic movements in our society and gives a number of suggestions as to prevent them from growing. The article aims at preventing the spread of extremist and terrorist doctrines and giving thorough information about Islamic movements of the Republic of Kazakhstan.

Key words: Islam, unconventional Islamic movements, missionary, terrorism, extremism, Hizb ut-Tahrir, Salafism.

Байтенова Н.Ж.,
Рысбекова Ш.С.,
Дүйсенбаева А.Қ.

**Деятельность и актуальные
проблемы исламистских
течений в современном
Казахстане**

В статье рассматриваются особенности и актуальные проблемы деятельности различных исламистских течений в современном Казахстане. Исследуется негативное влияние на жизнь общества некоторых наиболее активных исламистских течений и последствия их деятельности на национальную безопасность страны. В статье наиболее широкое отражение нашли история возникновения различных течений, занимающихся миссионерской деятельностью, и особенности их деятельности на территории нашей республики. Уделяя особое внимание негативным последствиям деятельности таких течений, как Хизб-ут-Тахрир, салафизм, рассматриваются вопросы религиозной безграмотности в обществе. В связи с данной проблемой в статье также проанализирована деятельность государственных органов, дана статистика, отражающая сложившуюся ситуацию. Вместе с тем рассмотрены психологические, социальные, экономические факторы деятельности нетрадиционных исламистских течений и обобщены результаты социологического исследования по данному вопросу.

Ключевые слова: Ислам, нетрадиционные исламские течения, миссионерство, терроризм, экстремизм, «Хизб-ут-Тахрир», салафизм.

**ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ-
СТАНДАҒЫ
ИСЛАМИЛЫҚ
АҒЫМДАР ҚЫЗМЕТІ
ЖӘНЕ ӨЗЕКТІ
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Кіріспе

Қазіргі таңда исламилық ағымдар мен ұйымдар еліміздің саяси, қоғамдық және әлеуметтік салаларында өте өзекті мәселелердің бірі. Исламилық ағымдар тек Қазақстан Республикасы аумағында емес жалпы жаһандық тақырыпқа айналып отыр. Мұның басты себебі түрлі саяси және идеологиялық күштердің дінді өз мүдделеріне пайдаланып, дәстүрлі дін стереотиптерін бұзып, қоғам қауіпсіздігіне қауіп төндіріуі. Дінді түрлі жолдармен экспорттаушы күштердің әрекеті қоғамда діннің рөлінің артуына және Қазақстан Республикасында исламның жаңа тұрғыдан «жаңғыруы» үрдісіне ықпал етті. Алайда бұл үрдістерді тек сыртқы факторлардың әсерімен ғана шектеу үлкен қателік. Бұл жағдайда қоғамдағы діни фактордың күшеюіне мемлекетіміздегі ішкі ахуалы географиялық, экономикалық, рухани және саяси жағдайлардың рөлінде теріске шығаруға болмайды.

Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін мемлекеттің конфессионалды құрылымына Қазақстан үшін дәстүрлі болып табылатын және ұстанушылары біздің мемлекеттің халықтарының рухани және мәдени құндылықтарының қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқан сенімдер – ислам мен православиелік христиандықпен қатар Қазақстан үшін беймәлім болған дәстүрлі емес діни ағымдар да енді. Сондай-ақ жалған діни сипаттағы оккультті-мистикалық білімдер де пайда болды. [1].

1. Қазақстан Республикасындағы исламилық ағымдар сипаты және зардаптары

Республикада алғаш 1990 жылдардан бастап діни-мистикалық және реакциялық ілімдерді уағыздаған дәстүрлі емес діни ағымдар мен қозғалыстардың жақтастарының санының арту үрдісі байқалды. Қазақстанда пайда болған және қызмет еткен діни ұйымдар сипаты, құрылымы және идеялық принципі жағынан барынша әртүрлілікке ие болды. [2]. Дәстүрлі емес исламилық ағымдардың «таза ислам» деп аталатын ілімді қазақстандық ортада таратуының қауіптілігі мынада: қалың бұқараның көпшілігі Қазақстан үшін дәстүрлі болып табылатын ислам жайында хабары аз болғандықтан, сенімнің «қайта оралуы» ұғымының астарынан исламды алғашқы кезеңдегідей яғни Мұхаммед пайғамбардың уақытындағы қалыпта қабылдау-

ды түсінді. Аталған нұсқаның насихатшылары, ең алдымен әртүрлі діни радикалды ұйымдар, «адамдардың назарын жергілікті («тура емес») ислам мен Мұхаммед пайғамбардың кезіндегі ислам арасындағы айырмашылықтарға аударып, халықты Ислам мемлекетін құру саяси мақсатына оп-оңай итермелеуге болады» деп есептейді. Біздің азаматтардың дәл осындай қауымдастықтары қоғамнан оқшаулануды ғана емес, әлеуметтік тұрғыдан қауіптілігін де көрсетуде. Өйткені мұндай ұйымдар мемлекетке қарсы, антиәлеуметтік қызмет бағыттарымен көзге түсуде.

Радикалды діни топтардың және дәстүрлі емес сенімдер орталықтарының қызметінің белсенділігі, шетелдік миссионерлік қозғалыстардың ықпал етуінің күшеюі, сектанттық ұйымдардың әлеуметтік базасының кеңеюінің пайда болуы қазіргі таңдағы Қазақстанға тән сипат болып отыр. Бұл жағдайда жаңа ғасыр культі және деструктивті секта қызметінің күшеюі алаңдатушылық туғызады. Республикамыздың түрлі аймақтарында ілім таратушы исламилық ағымдардың негізгі қауіптілігі:

- Қазақстан жастарына: дінді – құндылықтар ориентациясы, әлеуметтік өмір сүру үлгісі, қарым-қатынас психологиясы және өмірге деген философиялық көзқарас ретінде ұсынулары;

- қоғамның дәстүрлі дін мен жалған діншілдіктің ара жігін ажыратуына кері ықпал етуі;

- исламды пайда болуының алғашқы кезеңіндегідей яғни Мұхаммед Пайғамбардың уақытындағы қалыпта ұстануды дұрыс деп қабылдауды насихаттау;

- исламилық ағымдарға еруші тұлғалардың қоғамнан оқшаулануы, жұртшылық арасында жікшілдіктің, алауыздықтың пайда болуы;

- исламилық ағымдар ілімдерінде зайырлы мемлекет басқару жүйесіне қарсы үгіттердің жүргізілуі, ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіру;

- зайырлы мемлекет ұстанымдары дінге қайшы деп айып тағып, мемлекеттік территория, отансүйгіштік, отбасылық құндылықтарға қарсы насихаттар жүргізу;

- дәстүр, әдет-ғұрып, салт, ұлттық өнер сынды құндылықтарды, ислам дініне қарсы деп түсіндіріп, халық арасында шиелінушіліктің туындауына себеп болуы;

- ілім көсемдерінің талаптарына сай келмеген бұқара халықты немесе намаз оқымаған, дін ұстанбаған адамдарды «кәпір» деп атап халық арасында дін аралық, мемлекет ішілік бүліктердің пайда болуына ықпалын тигізу;

- діни сипаттағы террористік және экстремистік оқиғалардың орын алуына себепкер болу;

- «жихад» түсінігін өзіндік түсіндірулер арқылы, діни фанаттарды, дін атынан өздерін құрбандыққа шалушы тұлғаларды дайындау.

Қазіргі таңдағы Қазақстан Республикасындағы қызмет атқарушы исламилық ағымдардың қызметі негізінен мемлекет тарапынан бақыланады. Осы тұрғыдан алғанда қазіргі таңда Қазақстан Республикасы сотының шешіміне сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тыйым салынған террористік және экстремистік діни ұйымдар саны – 19 болса, тыйым салынған окулттік-мистикалық діни ұйымдар саны – 2, жалпы қызмет етуі республикамыздың аумағында заңсыз болып табылатын 21 діни ұйым бар деп айтуға болады. Қазақстан Республикасында 18 түрлі конфессия өкілдерінің діни бірлестіктері заңды түрде тіркеуден өткен, соның ішінде исламдық діни бірлестіктер саны – 2405. [3].

Осы мақалада басты назар аударылып отырған мәселе бұл қазіргі таңдағы Республика аумағында белсенді миссионерлік қызмет атқарып отырған исламилық ағымдардың қызметі және зардаптары болып отыр. Солардың бірнешеуіне нақты тоқталсақ: мәселен салафизм. Салафизмнің Қазақстанда таралуы 1990 жылдары яғни Тәжікстан мен Ферғана даласынан экспорт жолымен таралды. Бұл аймақтарға 80 жылдары-ақ уаххабиттік әмірлер еніп өздерінің бөлімшелерін құрған болатын. Кейбір қазақстандық және ресейлік БАҚ-та жарияланған мәліметтер салафиттердің Қазақстанда 1997-1998 жылдары пайда болғанын айтады. Және олар Маңғыстау облысында көптеп таралды. Дәл осы уақытта Қарашығанақ газ кенішін игеру басталды және оны игеру жұмыстарына Парсы шығанағы елдерінен шетелдік жұмысшылар тартылды. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің бұрынғы төрағасы Нартай Дұтбаев «Казахстанская правда» газетіне берген сұхбатында былай дейді: «2004 жылы Қарашығанақ кенішінде «Мұсылман бауырлар» және «Асбат әл-Ансар» ұйымдарына мүше болған 23 шетелдік жұмысшы мемлекеттен шығарылды. Экстремизмге қарсы тұру жөніндегі заң қабылданғаннан соң радикалды топтардың эмиссарлары мен мүшелерінің қызметіне тосқауыл қойылды: енді біз оларды мемлекетіміздің аумағына кіргізбеуге және қазақстандықтар арасында өз идеяларын таратуына қарсы тұруға құқылымыз» [4]. Салафияның ұстанушылары негізінен 20-30 жас аралығындағы жас азаматтар болды. Сонымен қатар, биліктің олардың қызметіне деген дәстүрлі реакциясы әкімшілік және қылмыстық ізге түсу түрінде көрініс тапты. Бұл жағдай өз кезегінде маңғыстаулық салафиттер-

дің белсенділігінің біршама тарауына ықпал етті. Саясаттанушы А.Чеботаревтің пікірінше, қазақстандық билік, әсіресе күш құрылымдары «конституциялық құрылыс пен құқықтық тәртіптің» қарсыластарын халықтың әртүрлі топтары арасынан, әсіресе сенушілер арасынан іздеуге және табуға бейім. «Олардың салафиттер бейнесінде жаудың «жаңа» образын жасауға тырысатынын да жоққа шығара алмаймыз. Екінші бір жағынан, егер жекелеген салафиттер заңсыз уағыздарымен шектелмей, қолдарына қару алуды бастаса, бұл біздің мемлекет пен қоғамның дамуы үшін қауіпті нышан», – деп есептейді А.Чеботарев. Бұған дәлел ретінде республикалық газеттерде жарияланған теракт жасауды жоспарлаған салафиттердің тұтқындалуы жөніндегі жарияланымдарды келтіруге болады. «Тағы бір күрделі прецедент 2007 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында ҰҚК мен полицияның бірлескен жедел шараларының нәтижесінде 13 адамнан тұратын жасырын экстремистік топтың әшкереленуі болды. Іздеу нәтижесінде олардан қолдан жасалған жарылғыш зат, отты қару, сондай-ақ діни әдебиеттер мен сол мазмұндағы компакт-дискілер табылды. Осы іс бойынша жүргізілген тергеу мен сот үрдісінің құжаттары, аталған тұлғалардың Шымкенттегі Оңтүстік Қазақстан облыстық ҰҚК департаментінің ғимаратын жаруды және дәл осы мекеменің қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерін өлтіруді көздегенін аңғартады. Сондай-ақ тұтқындалған топтың лидері Өзбекстанда 2004 жылы орын алған жарылыстың ұйымдастырушылармен байланысы болғаны да белгілі болды, – дейді А.Чеботарев [5]. Ресми мәлімет сотталғандардың салафиттер екенін, дәлірек айтқанда олардың ең радикалды, жиһадтық қанатының мүшелері болып табылатыны жайлы біржақты ақпарат берді».

Осы тәрізді ұйымдардың бірі, Орталық Азия аймағында, соның ішінде Қазақстанда белсенді үгіт-насихат жүргізген «Хизб-ут-Тахрир» партиясы болып табылады. Діни мазмұндағы өз еңбектерінде авторлар Құран мен сүннеттен гөрі өз саналарына және «ақыл» негіздеріне көп сүйенеді. Бұл сенім мен фикх негіздеріне қарама-қайшы келетін құбылыс [6].

Сарапшылар «Хизб-ут-Тахрир» партиясының қолда бар оқу-әдістемелік және уағыздаушы әдебиеттерін зерттегеннен соң олардың экстремистік сипаттарын анықтады.

«Хизб-ут-Тахрир» партиясының Қазақстандағы қызметі 1990 жылдары республиканың оңтүстік облыстарында пайда бола бастады. ІІМ мәліметтеріне қарағанда, 1990 жылдың соңынан

2004 жылға дейін олар оңтүстікте әрекет етуін жалғастырды. 2005 жылдан бастап ұйымның адепттерінің қызметі бүкіл республикаға таранды. Аталған партияның негізгі жұмыс тәсілі діни мазмұндағы парақшалар, кітаптар және үнпарақтар, экстремистік мазмұндағы видео мен аудиокассеталар тарату болды. «Хизб-ут-Тахрир» партиясының көптеген мүшелері экстремистік мазмұндағы кітаптарды, парақшаларды, үнпарақтарды сақтағаны және таратқаны үшін қылмыстық, әкімшілік-құқықтық жауапкершілікке тартылды. Қатардағы мүшелерінің тұтқындалуы мен құқық қорғау органдары тарапынан қатаң бақылауға алынуына байланысты қазіргі уақытта «Хизб-ут-Тахрир» қызметі имплицитті жасырын сипатқа ие. [7].

Қазақстанда шетелдік «Хизб-ут-Тахрир» діни партиясының қызметі экстремистік деп танылғаннан соң, оның қызметі конспиративті түрде жүруде. Ұйым қызметкерлері Қазақстанның оңтүстік облыстарында үгіт-насихатты жалғастырумен бірге, өз қызметтерін республиканың орталық және солтүстік өңірлерінде де жалғастырды. [8].

Орталық Азия өңірінде барынша жемісті еңбек ету үшін «Хизб-ут-Тахрир» басшылығы бірден болмаса да біртіндеп Ислам халифатын құру идеясын жалғастыра алатын халықтың бөлігін белгілеп көрсетті. Партияның фокусті топтарына: біріншіден, халықтың әлеуметтік тұрғыдан қорғалмаған қабаттарын (жұмыссыздар, зейнеткерлер, студенттер, көп балалы отбасылардың ата-аналары), екіншіден, жәрдем бере алатын және партия бөлімшелерін қорғай алатын билік өкілдерін (негізінен атқарушы билік), үшіншіден қажет кезінде нақтылы көмек көрсете алатын құқық қорғау органдарының қызметкерлерін жатқызды. «Хизб-ут-Тахрир» партиясының бағдарламасымен жіті түрде танысқан сәтте олардың адамдарды күш көрсету акцияларын жасауға итермелейтінін және террористер дайындаушы конвейер екенін түсінесіз. Қатаң дисциплина, кішілердің үлкендерге және қарапайым мүшелердің – лидерге сөзсіз бағынуы, белгілі бір идеялар аясында топтасу, өзара көмек, әсіресе мемлекетке қарсы сипаттар «Хизб-ут-Тахрир» ұйымын Қазақстандағы, Орталық Азиядағы жағдайдың дестабилизациясы үшін барынша қауіпті қылуға. [9].

Астана қаласы сотының 2005 жылғы 28 наурыздағы шешімімен радикалды ұйым Қазақстанда тыйым салынған діни қауымдастықтар қатарына енді. Сонымен қатар экстремистік деп танылып, «Хизб-ут-Тахрир» ұйымының қыз-

метіне елімізде қатаң тыйым салынды. Псевдоисламдық ағымдардың қазақстандықтар дүниетанымына ықпалын анықтау үшін белгілі бір моменттерді біліп алған жөн. Мәселен елімізде тыйым салынған «Хизб-ут-Тахрир» ұйымының қызметіне назар аударайық. «Хизб-ут-Тахрир» өзін «идеологиясы ислам болып табылатын саяси партия» деп жариялайды. Партияның мақсаты – мұсылмандардың исламдық өмір салтына оралуына атсалысу (өмірдегі барлық мәселелер шарифат заңдарына негізделуі тиіс) және бүкіл әлемде исламды тарату. Бір айта кетерлігі бұл мақсаттың орындалуы бірыңғай (бүкіл ислам әлемін біріктіретін) теократиялық мемлекет – Халифаттың орнауы арқылы іске аспақ. [10].

«Хизб-ут-Тахрир» құжаттарында мұсылман елдерінің үкіметтері исламдық емес деп сипатталды. Ал бүгінгі мұсылман үмбетінің қазіргі мәселелері «күнделікті өмірде исламның жоқтығынан», сондай-ақ «исламдық басқару жүйесінің болмауынан» деп саналады.

«Хизб-ут-Тахрир» Конституциясы 187 баптан тұрады. Бұл заң құжатында – исламдық экономика және білім беру жүйесінен бастап, ерлер мен әйелдер (әйелдерге меншікке ие болуға, сайлауда дауыс беруге және бизнеспен айналысуға рұқсат берілген) арасындағы қатынасқа да орын берілген.

Басты мақсат – ислам халықтарын сайланған халиф басқаратын бірыңғай ислам мемлекетінде немесе халифатта біріктіру. Партия халифатты күш көрсетусіз орнатуға шақырады. Және де мұсылмандардың үлесі басым мемлекеттердің барлығын халифатқа (еуропалық отарлаушылық Таяу Шығысты жаулап алғанға дейін исламның алтын дәуірі болған кезеңдегі мемлекеттік құрылым үлгісі) қосып алуды көксейді. Партия мұсылмандар арасында халифат орнату идеясын насихаттауға көп сүйенеді. [11].

Алға қойған мақсаттарды іске асыру үш кезеңнен тұрады:

1. Мүшелері Мұхаммед Пайғамбардың жақтастары тәрізді бірге жұмыс істейтін «Хизб-ут-Тахрир» қауымдастығын құру. Партия мүшелері ұйымның мақсат-міндеттерін өздерінің ретінде қабылдайды және осы мақсаттарға жету жолында барынша еңбектенуге әрдайым даяр.

2. Мұсылмандар арасында халифатқа қатысты және өзге де исламдық концепцияларға байланысты қоғамдық пікірдің қалыптасуы ислам ойының оралуына септігін тигізеді.

3. Партия әскери генералдардың, лидерлердің және т.б. қолдауына ие болуға үмітті. Бұл тұлғалар үкіметтің алмасуын жеңілдетеді. Үкі-

мет исламдық үлгіде құрылады және болашақта исламдық мемлекеттің құрылуы исламды күллі әлемге жеткізеді. Партия халифатты құру мерзімін бекітпейді және бұл мәселеде Алланың жәрдеміне ғана үміттенеді.

Ерте тарихта халифат болған мемлекеттердің әрқайсысы өз жолымен кеткен. Бүгінгі таңда ол мемлекеттердің барлығы, Сауд Арабиясы, БАӘ, Мысыр, Сирия, Ирак, Иран, Тунис, Алжир немесе Марокко экономикасы, саяси құрылымы, демократияның даму деңгейі, азаматтық қоғам институттарына байланысты бір-бірінен көп айырмашылықтары бар. Бұл әраландылық исламдық мемлекеттердің атауларында да көрініс тапқан (республика, монархия, ислам республикасы, әмірліктер, сұлтанаттар және т.б.). Халықтың этникалық және конфессионалдық құрамы да біркелкі емес. Әрбірінің бір-бірінен айырмашылығы бар ұлттық және әлеуметтік-мәдени ерекшеліктері, дәстүрлері, салттары, өзіндік дүниетанымдары, әлемде болып жатқан оқиғалар мен үрдістерге деген жеке пікір-пайымдары бар. Бұлардың көпшілігінің арасында жылдар бойы шектен тыс қарама-қайшы қатынастар орнықты, сан мәрте келіспеушіліктер мен соғыс өрті де тұтанды. Осы орайда 1980 жылдардың басындағы Ирак пен Иран арасындағы соғысты еске түсірсек жеткілікті. XX ғасырдағы бұл қақтығыс миллионға жуық адамның өмірін жалмады. [12].

Мұның барлығы халифат құру және барлық мұсылман мемлекеттерін біріктіру утопияға толы идея екенін анық байқатады. Халифат ыдырағалы бері бір ғана жүзжылдық емес, сан ғасыр өтті. Одан бері адамзат та, мұсылман әлемі де өзгерді. Бұрнағы кезеңде халифаттың құрамында болған, кейіннен дербестікке ие болған Таяу Шығыс пен Орта Шығыс, Солтүстік Африка елдерінің барлығы тәуелсіздікті жоғары бағалайды және өз тағдырын өздері анықтауды қалайды. Және бұл мемлекеттердің қандай да бір халқы бүгінгі күні өз тәуелсіздігінен, территориялық тұтастығынан өз еркімен бас тартады және сырттан тықпаланған заңмен өмір сүруге келісім бері дегенге сену қиын.

«Хизб-ут-Тахрир» идеологтарының анықтамаларына қарағанда, халифатта федералды емес, унитарлы құрылым болуы тиіс. Өйткені «шарифат бір ғана исламдық мемлекеттен өзге құрылымның болуын құптамайды» деп есептейді. Іс жүзінде бұл концепцияны іске асыру ұлттық мемлекеттерді жою дегенді білдіреді. Сондай-ақ ұлттық мемлекет пен тәуелсіздік идеясы бүгінгі заманда әр мемлекет үшін негізгі басымдыққа ие

идея. Сондықтан да тахрирлік халифатқа бастар жол ұзақ әрі қанды болуы мүмкін.

Түрлі сипаттағы ұлттарды біріктіру әрекеті неге бастамақ? Мемлекеттердің көпшілігінің діндері бір (ислам) болғанымен, олардың ұлттық бірегейліктерін жою және ортағасырлық заңдар бойынша өмір сүруге мәжбүрлеу жаһандық қақтығыстар мен қорқынышты толқулардан өзге ештеңеге әкелмейді.

«Хизб-ут-Тахрир» идеологтарының бірі Набахани бірнеше мәрте айтқанындай экстремистік ұйымдардың қызметінің басты формасы – «даава» (тікелей мағынасында – «шақыру») болып табылады. Үгіт насихат жұмыстарында экстремистер уағызшының жеке қасиеттеріне басты назар аударады. Уағыздаушы «пайғамбар тәрізді иманы берік болуы тиіс және қарсыластары тарапынан болуы мүмкін кез келген қастандық әрекеттеріне әзірлігі жоғары болғаны жөн. Ол: мақсатты түрде алға қадам басуы керек; жеңіліске ұшыраса таңданбауы тиіс; әрдайым кемелденіп отыруы қажет; таза және түсінікті ақылы болғаны жөн; әрдайым ақиқатты іздеу жолында болуы міндетті және өз білімін қатаң түрде тексеріп отыруы тиіс. Ол адамдардан мақтау-мадақтау және материалдық пайда күтпеуі тиіс».

«Хизб-ут-Тахрир» исламдық халифат жөніндегі идеяларын 50 жылдай уақыт бойы насихаттап келеді. Бірақ әлі күнге дейін бірде бір қауымдастық бұл идеяларды қабылдаған емес, бірде бір мемлекет тәжірибе жүзінде іске асыруға тырыспады. Сонымен қатар араб әлемінің көптеген мемлекеттерінде (Еуропаны айтпағанда) «Хизб-ут-Тахрир» діни-саяси партиясы экстремистік деп танылған және олардың қызметіне тыйым салынған. [13].

«Хизб-ут-Тахрир» ұйымының деструктивті мәнін түсіну үшін олардың өз алдыларына қандай мақсат-міндеттер қойғанын, идеялық және бағдарламалық қағидаттарын білген жөн. Бұл өз кезегінде аталған діни-экстремистік ұйымның шынайы бетпердесіз бейнесін көруге мүмкіндік береді.

Партия идеологтары шығарған кітаптар, үнпарақтар, кітапшалар аталған ұйымның идеологиялық платформасын құрайды. Бұл өнімдерде жазылған жайттар «Хизб-ут-Тахрир» ұйымының исламның принциптері мен канондарына қайшы екенін анық көрсетеді. Олар көрнекі түрде ұйымның антигуманды және экстремистік өзгешілігін ашады.

Қазіргі уақытта «Хизб-ут-Тахрир» қызметі Орталық Азия мемлекеттерінде біршама шектелген, олардың көптеген құрылымдары жойыл-

ды, ал қалғандары – қатаң бақылауда. Дегенмен, барынша репрессивті әдістерді қолдану тек уақытша ғана эффект бере алады. Партияның жасырын құрылымдарын толыққанды жою мүмкін емес. Сол себепті партиямен репрессия арқылы ғана күресу – мәселені терең тұңғыыққа батыруды білдіреді. Ал бұл болашақта істің насырға шабуына әкелуі ықтимал. Ең алдымен осы тәрізді партиялардың қоректік ортасын жөнге келтіруге тиіспіз. Ең алдымен аймақтардың әлеуметтік мәселелерін шешу және халықтың белсенді бөлігіне қоғамдағы өздерін қанағаттандырмайтын жағдаяттарды өзгертулеріне мүмкіндіктер берілген жөн. Бұл істер партияның қазіргі жақтастарының халифат құру жолындағы мотивацияларын жояды. Алайда барлығын экономикаға ғана тіреп қоюға да болмайды. «Хизб-ут-Тахрир» партиясы үгіт-насихатқа көп мән береді. Сол себепті кез келген радикалды идеяға сүйіспеншілікке, гуманизмге және толеранттылыққа бағытталған өзге, орынды идеяны қарсы қоюды есепке алуға тиіспіз. Және де мұндай істерді мәдениет қайраткерлері, ғылыми қауымдастық және ресми дінбасылар атқаруы қажет. [14].

Біздің елдегі дәстүрлі емес діни ағымдардың даму үрдісі мен оқиғалар динамикасын қарастыру олардың таралуын 3 кезеңге бөлуге мүмкіндік береді:

1990-1996 жж. – Қазақстанда түрлі ұйымдардың пайда болуы мен дамуының және таралуының бастамасы. Бастапқыда күш құрылымдары еш қарсылық шараларын жүргізбеді;

1997-1998 жж. – қалыпты тұрақтылық кезеңі және дәстүрлі емес діни ағым мүшелерінің санының артуы. Бұл кезеңде жалған исламдық ілімдердің халық арасына белсенді түрде таралуы басталды;

1999-2007 жж. басы – мемлекеттік органдар тарапынан бақылаудың күшеюіне байланысты белсенділіктің төмендеуі.

Келтірілген кезеңдерге бөлу тізбегі абсолютті болып табылмайды, өйткені әр ағымның өзіндік уақыт айырмашылықтары және даму ерекшеліктері бар. Сонымен бірге, жалған ислами ағымдардың белгілі бір бөлігінің қызмет ауқымы барлығын таңдандырады.

Қазақстан аумағында діни экстремизмнің таралу қаупі болғандықтан үш факторға назар аударуға тиіспіз.

Біріншіден, жалған ислами ағымдардың қызметінің интенсивтілігі артуда.

Екіншіден, олар мемлекеттің батыс, оңтүстік және орталық өңірлерінің көп аймағын қамтыған.

Үшіншіден, кейбір жалған ислами ағымдар жасырын түрде қызмет етуде, бұл олар тарапынан қандай да бір мәліметтер алуға мүмкіндіктер бермейді.

Жалған исламилық діни ағымдардың пайда болуы мен дамуының себептері мен шарттарын зерттеген сараптау жұмыстары ұстанушылардың санының артуына негізгі және кезеңдік факторлар әсер етіп жатқанын анықтады.

Әлеуметтік-экономикалық фактор

Жоғарыда атап өткеніміздей қазақстандықтардың материалдық игіліктері олардың моральдық және рухани тыныштықтарына негіз болуда. www.nomad.su сайтында Gallup зерттеу қызметінің нәтижелері ұсынылған. Зерттеу әлемнің 143 елінде жүргізілді және мемлекет қаншалықты кедей болған сайын, халқы соншалықты діндар болып келетінін анықтады.

Өзге Орталық Азия мемлекеттерімен салыстырғанда Қазақстанның тұрақты экономикалық дамуы жеке азаматының, жеке отбасының және мемлекеттің жекелеген өңірлерінің материалдық тұрғыдан қамтылғанының, тұрақтылығының мысалы бола алмайды. Сондықтан да көбінше жаңа діни құрылымдар «көмек қолын» созады және мұқтаждарға әлеуметтік өзгерту бағдарламаларын ұсынуда. Бұлардың нәтижесі әлеуметтік-утопиялық тәжірибе іспеттес.

Осыған байланысты қазақстандық қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздық дәстүрлі емес діни ағымдардың гүлденуіне мүмкіндік береді деген қорытындыға келуге болады.

Дәстүрлі емес исламилық ағымдардың елімізде дін тарату әдістері

Дәстүрлі емес исламилық ұйымдардың қызметінің нәтижелері көрсеткендей, оларға азаматтарды тартудың түрлі әдістерін пайдалану есебінен, соның ішінде жастар арасында белсенді ақпараттық-насихат жүргізу арқылы ықпалдарын күшейту мүмкін болуда.

Соның ішінде, жастармен жұмыс істеу шараларына халықаралық деңгейге шығуға мүмкіндік беретін және нақтылы бір тақырыпқа (діндарлық, қазіргі замандағы исламның рөлі мәселесі) арналған конференциялар өткізуді, ислам негіздерін терең үйрететін түрлі семинарларды өткізу, шетелдік исламдық ЖОО-да білімін жалғастыру, исламдық ЖОО-да білім алатын халықаралық гранттарға ие болу, араб тілін тегін үйретуді жатқызуға болады. Мүгедектер мен ауру жандарға материалдық және моральдық қолдаулар арқылы қайырымдылықтар, сауықтыру көмектерін көрсету, оқу орындарында жастар ұйымдарын құру арқылы ұлттық мәдениетті сақ-

тау және тарату жолындағы қоғамдық ұйымдар құру, исламдық ЖОО-ларда білім алуға мүмкіндік беретін халықаралық гранттар. Жас азаматтардың діни білімнен мақұрым болуы олардың сенгіштігі мен қызығушылығының басты себебі болып табылады. Қазақстанның мемлекеттік органдарының дәстүрлі емес исламилық ұйымдармен күресуінің негізгі бағыты қылмыстық қудалау және бас бостандығынан айыру орындарында ұзақ мерзімге соттау арқылы жазалау болды. Бірақ әлемдік тәжірибе, сондай-ақ көрші мемлекеттер (Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан) саясаттары көрсеткендей, экстремистік көріністерге қатысы барларды қылмыстық жазалау арқылы жауапкершілікке тарту (олардың қандай да бір ұйымның иеррархиясындағы дәрежесіне және қауіптілігіне қарамастан) кері эффекттерге әкелуі мүмкін. Бұл оларға азап шегуші имиджін әпереді және құқық қорғау органдарымен байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Мұндай методика жағымды моменттермен бірге жағымсыз сипаттарға да ие. Сонымен қатар ол мәселенің түйінін шешуге мүмкіндік бермейді, тек жағымсыз тенденцияларды күшейтеді. Осы тәріздес радикалдардың қылмыстық ортадағы ықпалының өсуі тенденциялардың бар екендігін, сарапшылар күнделікті құлшылықтарды атқаратын сотталушылардың санының күрт өсуімен байланыстырады. Сондай-ақ сарапшылар радикалдардың жастармен, нашақорлармен белсенді жұмыс жүргізетіндігін және еркіндікке шыққан соң оларға жұмыс іздеуге жәрдемдесетіндігін айтады. [15].

Қорытынды

Қазіргі замандағы исламилық ағымдар көп жағдайда араб әлемінде жат жұрттықтардың отарынан азат болу мақсатында қалыптасқанымен сондай-ақ осы жолда діни уағыздың ерекше түрін қолдануларымен сипатталады. Діни мәтіндерді өз идеологияларына сәйкес түсіндірмеу, қалыптасқан қоғамдық жүйе мен ағымдағы биліктің әділетсіз, дін заңдарына қайшы және оны түбегейлі өзгертуге, төңкеріске шақыру басты ерекшеліктері. Ортодоксалды ислам ғалымдарының ешбірі бұл ағымдардың қызметін қолдамаулары, тіпті исламға жат ағымдар ретінде сипаттауы қазіргі замандағы ислам атынан әрекет етіп отырған ағымдардың дінді өз саяси мүдделері үшін қолданып жүргенін және ұлттық қауіпсіздікке қатерлі екендігін айғақтайды. Қазақстандық қоғамдағы қазіргі заманғы исламилық ағымдардың барлығына тән белгі ол – ұлттық

рухани дәстүрлерді дінге жат дүниелер ретінде қабылдауы және одан бас тартып «таза исламға» келуге шақыру. Мұндай ұстанымның ең қауіпті тұсы өз тарихи тамырынан бас тартып, өткенімен байланысын үзген, патриоттық сезімнен ада, елдің тұтастығына қауіп төндіретін маргинальданған топтарды қалыптастыратындығында. Бұған еліміздің батысында орын алған оқиғалар мен жуырда Сирияға жиһадқа кеткен мыңдаған азаматтарымыздың әрекеттері дәлел.

Ислам дінінің қазақ даласындағы орнының ерекше маңыздылығын тарихи деректер, мәдени және дәстүрлі құндылықтарымыз, сан ғасырлардан бергі халықтың түрлі әлеуметтік-саяси саласындағы орны айқындайды. Ғылыми тұрғыдан зерттеуде ислам дінінің қоғамға, саяси немесе мәдени тұрғыдан, өркениет пен рухани дамуда қаншалықты үлес қосқанын бір ғана тақырып аясында қамту мүмкін емес. Бұл жерде қазақ даласындағы ислам діні VIII ғасырда келген уақытынан бастап кенестік кезеңге дейін және бүгінгі уақытқа дейін қоса алғанда қазақ халқының ислам дінінің сунниттік бағытында, Ханафи мазһабы, Матуриди ақидасымен жүргендігі, Қожа Ахмет Яссауи тағылымында болғандығы дәлел. Бір ғасырға жуық уақыт атеистік идеологияның құрсауында қалып қойған тұстың өзінде, дін мен дәстүр үйлесімін тауып, рухани мәдениет аясында күнделікті тұрмыстың әдет-ғұрпы, салт-жоралары, ырым және тыйымдарымен ұштасып кеткен. Кеңестік атеистік идеология кезеңінде ислам халық арасында дәстүр, әдет-ғұрыптар арқылы сақталды. Елімізде өзінің белсенділігімен көзге түсіп жүрген салафиттер немесе уаххабшылдық жолды ұстанатындар, таблиғи жамағат, хизбут-тахрир секілді ағымдар. Осы исламилық діни ағымдардың бір сыпырасы саяси мақсатты көздейтін топтар болса, енді біреулері экономикалық мүдделер төңіре-

гінде ұйымдастырылғанына көз жеткіздік. Дәстүрлі емес исламилық ағымдардың «таза ислам» деп аталатын ілімді қазақстандық ортада таратуының қауіптілігі мынада: қалың бұқараның көпшілігі Қазақстан үшін дәстүрлі болып табылатын ислам жайында хабары аз болғандықтан, сенімнің «қайта оралуы» ұғымының астарынан исламды алғашқы кезеңдегідей яғни Мұхаммед Пайғамбардың уақытындағы қалыпта қабылдауды түсінді. Аталған нұсқаның насихатшылары, ең алдымен әртүрлі діни радикалды ұйымдар, «адамдардың назарын жергілікті («тура емес») ислам мен Мұхаммед Пайғамбардың кезіндегі ислам арасындағы айырмашылықтарға аударып, халықты Ислам мемлекетін құру саяси мақсатына оп-оңай итермелеуге болады» деп есептейді. Біздің азаматтардың дәл осындай қауымдастықтары қоғамнан оқшаулануды ғана емес, әлеуметтік тұрғыдан қауіптілігін де көрсетуде. Өйткені мұндай ұйымдар мемлекетке қарсы, антиәлеуметтік қызмет бағыттарымен көзге түсуде.

Қоғамымыздың поликонфессионалды сипаты, деструктивті сипаты бар түрлі діни ағымдардың көбеюі, халықтың діни сауаттылығы төмендігі жалпы дін туралы пәнді қажет етеді. Осы ретте діни білім жөнінде уақыт сынынан өткен шетелдік тәжірибенің әдістері мен жолдарын қарастыра отырып, Қазақстан қоғамына, қоғам талаптарына сәйкес мемлекеттік діни білім беру жүйесін енгізу маңызды деп ойлаймыз. Осы орайда Дінтану пәнін білім беру жүйесінің барлық сатыларында оқыту – зайырлылық қағидатын басшылыққа ала отырып, жас жеткіншектердің әлемдік және дәстүрлі ұлттық діндердің адамзат өркениетінде және ұлттық мәдениетте алатын орны мен атқарар рөлін, діндердің қоғамдық өмірге тигізер ықпал әсерін, діни дүниетанымның құрылымы мен ерекшелігін, діннің атқарар қызметін игеруге және түсінуге мүмкіндік беретіндігі айқын.

Әдебиеттер

- 1 Дуйсенбаева А.К., Рысбекова Ш.С., Борбасова К.М. Особенности идеологии исламского радикализма в Центральной Азии // Вестник КазНУ. Серия философия. Культурология. Политология. – 2014. – №1 (46). – С. 50-61.
- 2 Smith H. Islam. The World's Religions. – San Francisco, 1991. – 223 p.
- 3 http://www.din.gov.kz/kaz/presssluzhba/spisok_zaprexhennyx_organizaci/ 18.03.2015 y.
- 4 Karen Armstrong. Muhammad: Prophet for Our Time. – London, 2006. – P. 34.
- 5 Ahmed L. Women and the Advent of Islam. Signs. Summer. – 1986. – 668 p.
- 6 Stovasser B.F. The Status of Women in Early Islam / in Hussein. – New York: Muslim Women, 1984. – P. 15-17.
- 7 Қазақстан Республикасында «Хизб ут-Тахрир-аль-Ислами» ұйымының қызметіне тыйым салынған. Қызылорда облысы– 2009 // <http://www.procuror.kz/?type=news&s2id=96&sid=217&pid=119&iid=16&lang=kz&nid=3770>
- 8 Хизб ут-Тахрир Қазақстанда бой көрсете бастады // <http://www.azattyq.org/content/article/24649100.html>. 18.07.2012.
- 9 Хизб-ут-тахрир. – 2012, november – 7. // <http://elsakshy.kz/exclusive/113.html>.
- 10 <http://e-islam.kz/dini-radikalizm-quaipteri/item/898-eislam>
- 11 <http://azan.kz/article/show/id/4600.html>

- 12 http://dinislam.kz/publ/adasqan_agymdar/11-1-0-379
- 13 Абжалов С.У. Ханафи мазхабының діни-философиялық негіздері: фил. канд. ғыл. ... дис. – Алматы, 2008. –101 б.
- 14 Лама Қ. Шариф. ҚР Дін істері агенттігінің баспасөз қызметі. – 2013 // <http://www.islam-orkeniet.kz/?p=4452>.
- 15 Дүйсенбаева А.Қ. Қазақстан Республикасындағы тыйым салынған діни ұйымдар // әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Философия. Мәдениеттану. Саясаттану сериясы. – 2012. – №2(39). – 74-79 бб.

References

- 1 Duissenbayeva A.K. Rysbekova Sh.S., Borbasova K.M. Osobennosti ideologii islamskogo radikalizma v Centralnoi Azii // Vestnik KazNU. Seria filosofia. Kulturologia. Politologia. – 2014. – №1 (46). – С. 50-61.
- 2 Smith H. Islam. The World's Religions. – San Francisco, 1991. – 223 p.
- 3 http://www.din.gov.kz/kaz/presssluzhba/spisok_zaprexhennyx_organizaci/ **18.03.2015** y.
- 4 Karen Armstrong. Muhammad: Prophet for Our Time. – London, 2006. – P. 34.
- 5 Ahmed L. Women and the Advent of Islam. Signs. Summer. – 1986. – 668 p.
- 6 Stovasser B.F. The Status of Women in Early Islam / in Hussein. – New York: Muslim Women, 1984. – P. 15-17.
- 7 Kazakstan Respublikasynda «Hizb ut-Tahrir-al'-Islami» ujymynyn qyzmetine tyjym salynghan. Kyzylorda oblysy– 2009 // <http://www.procuror.kz/?type=news&s2id=96&sid=217&pid=119&iid=16&lang=kz&nid=3770>
- 8 Hizb ut-Tahrir Kazakstanda boj korsete bastady // <http://www.azattyq.org/content/article/24649100.html>. 18.07.2012.
- 9 Hizb ut-Tahrir. – 2012, november – 7. // <http://elsakshy.kz/exclusive/113.html>.
- 10 <http://e-islam.kz/dini-radikalizm-qauipteri/item/898-eislam>
- 11 <http://azan.kz/article/show/id/4600.html>
- 12 http://dinislam.kz/publ/adasqan_agymdar/11-1-0-379
- 13 Abzhalov S.U. Hanafi mazhabynyn dini-filosofijalyk negizderi: fil. kand. gyl. ... dis. – Алматы, 2008. –101 б.
- 14 Lama K. Sharif. KR Din isteri agenttiginin baspasoz kyzmeti. – 2013 // <http://www.islam-orkeniet.kz/?p=4452>.
- 15 Duissenbayeva A.K. Kazakhstan Respublikasindagi tiym salynghan uiymdar // al-Farabi atyndagy KazUU habarshysi. Filosofia. Madeniettanu. Sayasattanu seriasy – 2012. – №2(39). – 74-79 бб.